

28 маусым,  
Сейсенбі,  
2022 жыл.

uil-gazet@mail.ru

# ОЙЫЛ

Газет 1930  
жылдың  
қараша айынан  
бастап шығады.

## ТӨЛ МЕРЕКЕ ИЕЛЕРІ ҚҰРМЕТКЕ БӨЛЕНДІ

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ КӘСІПТІК ЖӘНЕ ӨЗГЕ ДЕ МЕРЕКЕЛЕР ТУРАЛЫ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ 1998 ЖЫЛҒЫ 20 ҚАҢТАРДАҒЫ №3827 ЖАРЛЫҒЫНА СӘЙКЕС 23 МАУСЫМ – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ КҮНІ БОЛЫП БЕКІТІЛГЕНІ БЕЛГІЛІ. СОНЫМЕН ҚАТАР, 1992 ЖЫЛЫ 23МАУСЫМДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ КЕҢЕСІ «ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫ ТУРАЛЫ» ЗАҢДЫ ҚАБЫЛДАҒАН БОЛАТЫН. БҰЛ ТӘУЕЛСІЗ ҚР ПОЛИЦИЯСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ МЕН МІНДЕТІН АНЫҚТАЙТЫН АЛҒАШҚЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТ БОЛДЫ. АЛ, 2007 ЖЫЛЫ 5 МАУСЫМ КҮНІ ҚР ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ ӨЗ ЖАРЛЫҒЫМЕН 23 МАУСЫМДЫ ПОЛИЦИЯ КҮНІ ДЕП БЕКІТТІ. БИЫЛ ҚАЗАҚСТАН ПОЛИЦИЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА 30 ЖЫЛ ТОЛЫП ОТЫР.

Осы орайда өткен аптада аудандық мәдениет үйінде терең білімділік пен іскерлікті ғана емес, үлкен жауапкершілікті талап ететін мемлекеттік қызметшілердің мерекесі мен елдің елдігін қадағалап, ішкі тәртібін бақылап отыратын полиция қызметкерінің төл мерекесіне арналған салтанатты жиын өтті. Мерейлі мерекенің ашылуында сөз алған аудан әкімі Асқар Қазыбаев аудандағы қос сала қызметкерлерін айтулы мерекелерімен құттықтады. Ісіне мығым, тірлігіне тиянақты, абыройлы міндетті жүктеген сала мамандарының ерен еңбегі мен төгілген тері мейрам қарсаңында тағы бір мәрте бағаланды. Тарқатып айтсақ, туған Отаны мен халқының сенімін ақтап, елге адал қызмет етудегі абыройлы қызметі үшін бір топ сала үздіктері Ақтөбе облысының әкімі Оңдасын Оразалиннің Алғыс хатына ие болды. Ойыл ауданы әкімі аппаратының басшысы Ербол Тлепов, Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлім басшысының орынбасары Шамшырақ Жоламанова «AMANAT» партиясы Ақтөбе облыстық филиалының атқарушы хатшысы, облыстық мәслихат депутаты Ербол Данағұловтың Алғыс хатымен марапатталды.

Міндеттерін үлгілі атқарғаны және қызметінде жоғары нәтижелерге қол жеткізгені үшін Кептоғай ауылдық округінің әкімі Ерлан Асылбаев, Ойыл ауданы әкімі аппаратының қаржы-шаруашылық жөніндегі бас инспекторы Татьяна Караева және Ойыл аудандық мәслихатының бөлім басшысы Шолпан Қарабалиналар алғысқа бөленсе, бір топ мемлекеттік қызметкер аудандағы спорттық және мәдени көпшілік шараларға белсене қатысқаны, жергілікті мемлекеттік басқару саласындағы жемісті еңбегі мен абыройлы қызметі үшін бірқатар мемлекеттік қызметкерлер де Алғыс хаттармен марапатталды.

Полицияның қызметі тек халық ты-



ныштығын сақтаумен ғана емес, олардан шыққан майталман мамандармен де өлшенеді. Ал, осы қиын да кәуіпті қызметте дараланып, алға озған тәртіп сақшылары да мереке қарсаңында марапатталды. Ауданымызда қоғамдық қауіпсіздік пен ел тыныштығын қорғап, құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуде абыройлы қызметі мен қажырлы еңбегі үшін Ойыл ауданы полиция бөлімінің қызметкерлерімен қатар, қызметтік міндеттеріне адалдықпен қарап, жоғары көрсеткіштерге қол жеткізген тәртіп сақшыларының

ата-аналарына да арнайы алғысқа бөленді. Сондай-ақ «Қазақстан Полициясының құрылғанына 30 жыл» мерекелік медалімен Ойыл ауданы полиция бөлімі жедел криминалистика тобының криминалисті, полиция майоры Жәнібек Қоғабаев, Ойыл ауданы полиция бөлімі күдіктілер мен айыпталушыларды уақытша ұстау изоляторының полицейі, полиция аға сержанты Ержан Мергенөвтер наградалды. Аудандық полиция бөлімінің бастығы Серік Берекенов те өз тарапынан бірнеше қызметкерді марапатта-

ды. Салтанатты шарада Ойыл ауданы әкімі аппаратының ақпараттық қауіпсіздік және мемлекеттік қызмет көрсетуді талдау бөлімінің бас маманы Нұрсұлтан Кенжебеков мемлекеттік әкімшілік қызметшісінің антін қабылдады.

Мерекелік шара аудан көркемөнерпаздарының концертімен жалғасты. Бұл жолы көпшілік әдеттегідей аудандық мәдениет үйінің өнерпаздарының әндерін ғана емес, мереке иелерінің де ән-шашуын қабыл алды.

Гаухар АЛЕКСЕЕВА,  
Ойыл селосы.

## СПОРТ САҢЛАҚТАРЫНА ҚҰРМЕТ КӨРСЕТТІ



Өткен аптада биыл Алматы қаласында пауэрлифтингтен өткен әлем чемпионында жеңімпаз атанған, ауыр атлетикадан спорт шебері, әлем чемпионатының күміс жүлдегері, пауэрлифтингтен екі дүркін Азия чемпионы, спорт ардагері Қадыржан Ізғарин мен Ақтөбе облысының спорт ардагерлері кеңесінің төрағасы Бақтығали Сапарұлыауданға іс-сапармен келді. Алдымен спорт ардагерлерін аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы қабылдады. Кездесу барысында аудан басшысы аудан спортын дамытудағы жасалып жатқан жұмыстарға тоқталып, жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттауға, спорттың дамуына қосқан үлестері үшін алғысын білдірді. Сондай-ақ, «Ойыл ауданына 100 жыл» мерекелік медалын тағып, арнаулы естелік сыйлығын табыстады. Қабылдауда Ойыл аудандық мәслихатының хатшысы Сәкен Займолдин де естелік сыйлығын табыстап, спорт ардагерінің иығына шапаң жапты.

«Біздің спортшы ардагер ағамыз салауаттылықты жастарға насихаттап келеді. Біз осындай танымал

ардагерлерімізді әркез назардан қалдырмаймыз. Оның жастарға қамқорлығы, белсенділігі мен спортқа деген жауапкершілігі өзгерлерге үлгі», дейді аудан басшысы.

Әрі қарай, Ойыл дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде жас спортшылармен және жаттықтырушылармен кездесіп, шеберлік сағатын өткізді. Ауданымызда байрақты бәсекелерге енді-енді қадам басқан балғын спортшылар қызығушылық танытып, шеберлік сағатына үлкен белсенділікпен ат салысты. Сондай-ақ, көкейлерінде жүрген сұрақтарына жауап алып, жолын берсін деген тілекпен естелік суретке түсіп, жетістікке жетудің жолы еселеп төгілген маңдай тердің арқанына екенін ұғынды.

**P.S КЕЗДЕСУ СОҢЫНАН KEЙІН СПОРТШЫ АРДАГЕРЛЕР ТАБИҒАТ АЯСЫНДА ОРНАЛАСҚАН «КӨКЖАР-БӨЙТЕРЕК» ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫС ЛАГЕРІНІҢ ДЕМАЛУШЫ ОҚУШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ.**

Гаухар АБАЙҚЫЗЫ,  
Ойыл селосы.

## ПОЛИЦИЯ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ 30 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАДЫ



23 маусым - Қазақстан Республикасының полиция күні. «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» заңы еліміздің полиция қызметкерлерінің құқықтық мәртебесін, ұйымдық құрылымын реттеп, нәтижесінде оның қоғам мен мемлекеттегі орны мен рөлін айқындап берді. Осы орайда өткен апта Қазақстан полици-

ясының құрылғанына 30 жыл толуына орай ауданда футболдан шағын турнир ұйымдастырылды. Турнирдің ашылу салтанатында сөз алған аудан әкімінің орынбасары Мұратбай Айдарбаев мерекелен құттықтап, жарысқа қатысушыларға сәттілік тіледі. Турнирде 10 команда қатысты. Ойын тартысты өтіп, әсіресе ақтық ойын көрермен-

дер көңілінен шықты. Турнир қорытындысы бойынша III орын Ойыл балалар- жасөспірімдер спорт мектебі тұрақтаса, II орынды АӨФ «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Ойыл газ шаруашылығы мекемесі алды. Шебер ойын көрсеткен Ойыл аудандық полиция бөлімі командасы I орынға ие болды.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ.

## АТҚА МІНУ ҰЛТТЫҢ МИРАСЫ

Қазақтың ұлттық спорты 1920-1930 жылдар аралығында қазіргі заманға сай бір жүйеге келтіріліп, олардың түрлері бойынша арнайы спорт жарыстары өткізіле бастады. Оған жергілікті жерлерде ауыл, аудан, облыс көлемінде ұйымдастырылған үйірмелер мен секциялар негіз болды. 1938 жылы Алматыда колхозшылардың республикалық спартакиадасы өткізілді, ал 1944-1947 жылдар аралығында қазақтың ұлттық спорт түрлерін тұтас қамтыған жеке-жеке жарыстар ұйымдастырылды. Осы кезден бастап Қазақстанда қазақтың ұлттық спорт түрлері

басқа әлемдік спорт түрлерімен қатар дамып, халқымыздың денсаулығын нығайтуға икемді де епті, күшті де төзімді болып есіп жетілуіне зор пайдасын тигізіп келеді. Ұлттық спорт түрлері ойындарының өте кең тараған түрлері: «Қазақ күресі», тоғызқұмалақ, асық ату, ат спорты ойындары (өкпел, аударыспақ, бөйге, қыз-қуу) сияқты ойын түрлері көне заманнан осы заманға дейін халықпен бірге жасасып келеді. Ұлт ойындары ертеден-ақ жалпы этнографиялық әдет-ғұрыппен бірге дамып, жетіліп, ендігі жерде өз алдына бір бөлек зерттеуді керек

ететін қазақ этнографиясының бір бұтағы, ұлт ойындарының дамуы тек қоғамның өзгеруіне байланысты әлеуметтік - экономикалық жағдайдың негізінде дамып отырғанына кезіміз жетті.

Шараны аудандық ішкі саясат, мәдениет, спорт және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы Бақберген Жәрдемұлы ашып, жеті қазының бірі, сұлу жануарға міну мәдениетін түсіндіріп, ата-бабамыз сәйгүлікті қастерлеп, қадірлеп, ерекше құрметтегенін жеткізді.





2022 ЖЫЛДЫҢ III ТОҚСАНЫНА Ш.БЕРСИЕВ АТЫНДАҒЫ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Table with 5 columns: Мемлекеттік органның атауы, Азаматтарды қабылдау жүргізетін адамның Т.А.Ә., лауазымы, Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты, Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері, Байланыс телефоны

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

«Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округ әкімінің аппараты» ММ-сының сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда төмендегідей сенім телефонына хабарласуды сұрайды.

САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ 2022 ЖЫЛДЫҢ III ТОҚСАНЫНА АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Table with 5 columns: Азаматтарды қабылдау жүргізетін адамның Т.А.Ә., лауазымы, Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты, Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері, Байланыс телефоны

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

«Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Саралжын ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-сінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда төмендегідей сенім телефонына хабарласуды сұрайды.

ОЙЫЛ АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ 2022 ЖЫЛДЫҢ III- ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Table with 5 columns: Мемлекеттік органның атауы, Азаматтарды қабылдау жүргізетін адамның Т.А.Ә., лауазымы, Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты, Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері, Байланыс телефоны

2022 ЖЫЛДЫҢ III - ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН АУДАН ӘКІМІ ОРЫНБАСАРЛАРЫНЫҢ ЖӘНЕ АУДАН ӘКІМІ АППАРАТЫ БАСШЫСЫНЫҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Table with 5 columns: Мемлекеттік органның атауы, Азаматтарды қабылдау жүргізетін адамның Т.А.Ә., лауазымы, Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты, Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері, Байланыс телефоны

2022 ЖЫЛДЫҢ –III ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН ОЙЫЛ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Table with 5 columns: Мемлекеттік органның атауы, Азаматтарды қабылдау жүргізетін адамның Т.А.Ә., лауазымы, Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты, Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері, Байланыс телефоны

Округ әкімі: С. Даулетқалиев

«ОЙЫЛ АУДАНЫ ІШКІ САЯСАТ, МӘДЕНИЕТ, ТІЛДЕРДІ ДАМУ ЖӘНЕ СПОРТ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ БАСШЫСЫ Н.А.АТАГАЛИЕВТЫҢ 2022 ЖЫЛҒА ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Table with 5 columns: Азаматтарды қабылдау жүргізетін адамның Т.А.Ә., лауазымы, Жеке және заңды тұлғаларды жеке қабылдау жүргізетін уақыты мен күні, Орналасқан жері, Байланыс телефоны

Мекеме қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлыққа байланысты фактілер анықталған жағдайда «Ойыл аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі 2-18-79 сенім телефонына хабарласуына болады.

2022 ЖЫЛДЫҢ III- ТОҚСАНЫНА ҚАРАОЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Table with 5 columns: Мемлекеттік органның атауы, Азаматтарды қабылдау жүргізетін адамның Т.А.Ә., лауазымы, Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты, Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері, Байланыс телефоны

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Мекеме қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы фактілер анықталған жағдайда «Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Қараой ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі 8-71-332-73-6-01 сенім телефонына хабарласуына болады.


2022 ЖЫЛЫ ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӘКІМІ А.Қ. ҚАЗЫБАЕВТЫҢ ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГ ӘКІМДЕРІНІҢ АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСУЛЕРІН (АЗАМАТТАРДЫ ЖЕКЕ ҚАБЫЛДАУЛАРЫМЕН) ӨТКІЗУ КЕСТЕСІ

«Кездесулер өткізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 Жарлығына сәйкес Ойыл ауданының әкімі А.Қ. Қазыбаев және ауылдық округ әкімдері тоқсан сайын аудан тұрғындарымен кездесулер (кездесулер аяқталған соң азаматтарды жеке қабылдаумен) келесідей күндері өткізеді:

Table with 5 columns: № т/б, Әкімінің Т.А.Ә., Лауазымы, Елді мекенінің атауы, орны, Кездесулерді өткізу күні

ЖҰҚПАЛЫ ІШЕК АУРУЛАРЫНАН САҚТАНЫҢЫЗ

Жұқпалы ішек аурулары бірнеше инфекцияның басын құрайды. Оған жедел ішек аурулары, дизентерия, сальмонеллез, ішсүзегі, вирустық гепатиттің түрі және вирустық диареялар жатады.



ЕСКЕ АЛУ

САМАТ БОЛАТҰЛЫ БЕКЕТАЕВ (23.02.1970ж – 10.07.2021ж)

Жыл толды алып жүрек тоқтағалы, Жыл толды біздер сені жоқтағалы, Бала, бауыр, әкенің нұр берісе, Жүректерде мәңгілік сақталды!

Сезім шіркін көңілдерді көрмеген, Қимастықтың күйін шертпін тербеген. Күтпеп едік, тағдырдан осындай сын, Көп екен көргеніңнен көрмеген.

Сағыныштан жүрек тулап алқынды, Жылағаннан көз жасымыз сарқылды. Бізге демеу - ізиді жалғар немерем, Ұмтылып алға, қадам басып, талпынды!

Әлі күнге ұмытылмай тұр-тұлған, Жыл да өтті азаға толы бір сырдан, Тілекші болып ағайын, бауыр, балаға, Қарап жатсың бәрімізге бір қырдан.

Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа болсын!

Еске алушылар: өке-шешесі, іні-қарындастары, балалары және жұбайы Ақзира.

Ойыл аудандық мәдениет саласы қызметкерлерінің бастауыш кәсіподақ ұйымы Аққар ауылдық кітапханасының бағдарламашысы Бүркітова Балзияға өкесі Ергалидың мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғырып, көңіл айтады.

Ойыл қазақ орта мектебінің ұжымы және бастауыш кәсіподақ ұйымы Бектұрғановтар отбасына Ойыл қазақ орта мектебінің Қымбатты ардагер ұстазы Бектұрғанов Бақтығали Қозыбайұлының қайтыс болуына байланысты, ағайын тума- туыстарына қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г күелігі берілген.



Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, №69, 3 қабат Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1645 дана. Тапсырыс № 849 Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

